

## Халықаралық құқықтық ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия конференциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қараша N 1444

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Есірткіге бақылау жасау және қылмыстың алдын алу жөніндегі басқармасының Аймақтық Өкілдігімен ынтымақтаса отырып, Есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясының және Ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясының шеңберінде 2002 жылғы 5-7 наурыз кезеңінде Алматы қаласында Халықаралық құқықтық ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия конференциясын (бұдан әрі - Конференция) ө т к і з с і н .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.04. N 263 қаулысымен. P 0 2 0 2 6 3 \_

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ арасындағы Конференция өткізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жағдай жасауы мен қызмет көрсетулерін ұсынуы туралы хат алмасу түріндегі келісімнің жобасы ма қ ұ л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрі Георгий Владимирович Кимге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ арасындағы Конференция өткізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жағдай жасауы мен қызмет көрсетулерін ұсынуы туралы хат алмасу түріндегі келісімге қол қоюға у ә к і л е т т і к берілсін.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.04. N 263 қаулысымен. P 0 2 0 2 6 3 \_

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар"

бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Конференцияны өткізуге қаражат бөлсін;

2) Конференцияға қатысушылардың келу және кету құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.04. N 263

қаулысымен.

P020263\_

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Конференцияға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.